

Ресми оппоненттің 8D02201-Исламтану философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Утпинов Наурызбай Тагановичтің «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» атты докторлық диссертация жұмысына

## **ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұра мен рухани қазынаның дәнін тауып, сөлін сүзіп ұлттың кәдесіне жарату зиялы қауым мен зерттеуші ғалымдарға жауапкершілігі жоғары міндеттер жүктейді. Қазақстандықтардың тұтастығын мақсат ете отырып, өткен тарихтың тағылымдарын терең ұғынып, оның өміршең дәстүрлерін өрнекті түрде жалғастыра білу шынайы ұрпақтар сабақтастығы бар жерде ғана мұратына жете алады. Осы жолда халықтардың бұдан да қиын сындар тұсында қалыптасқан, алайда рухани қажетіне сай тиісінше кәдеге асырылмай, қоғам мүшелерінің сұранысына толық ие бола алмай, тысқары қалып отырған ішкі құндылықтарды қайта пайымдап, қазіргі заман қажетіне дер кезінде жарата білудің мәні мен маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, Утпинов Наурызбай Тагановичтің «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» атты докторлық диссертациясы еңбегі ұлттық мәдениет пен руханияттағы, дағуат ісіндегі тағы бір сұраныстың орнын толтырады.

Орталық Азияға ислам өзінің таза ортодоксалдық күйінде тарала қойған жоқ. Түркі тілдес халықтардың діни дүниетанымының дәстүршілдігі, оның жоғары синкреттілігі мұнда исламның өзгеше түркілік реңге ие болуына әкелді. Бұл аймақта, ең алдымен, жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптарына либералды қатынас көрсеткен ханафиттік мазхабтағы сунниттік ислам кеңінен таралды.

**2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармақтарында және ғылыми қызметтің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Н.Т. Утпинов исламтану саласы бойынша белгілі бір білім деңгейіне көтеріле отырып, методологиялық тәсілдерді орнымен пайдалану арқылы бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізгендіктен диссертацияға қойылатын талап деңгейлерін қанағаттандырады. Бұл ғылыми нәтижелерге төмендегілерді жатқызуға болады:

Зерттеу жұмысының өзектілігі мен алға қойған мақсат-міндеттеріне сай төмендегідей ғылыми нәтижелер алынды:

1. Ислам дағуаты құбылысының тегі, қызметі, анықтамасы, ұстанымы мен идеясын негіздейтін аяттар мен хадистерге кешенді ғылыми теориялық талдау жасалынып, Құрандағы «дағуат» ұғымына жақын басқа да терминдер тұжырымдалған;

2. Тарихи үдерістегі «Ислами «дағуат» түсінігі мен дамуын, тарихи деректер негізінде талдап, олар Құран мен сүннеттегі дағуаттың маңызы мен рөлі тұрғысынан компаративистикалық талдау жасалған;

3. Барлық ислами дағуат ұстанымдары пайғамбарлық үлгі негізінде, пайғамбар тұлғасымен тікелей байланысты тұжырымдалып, Құранмен бекітіліп, ғылыми танымдық деңгейде түсіндіріліп, нақты талаптар мен ережелер анықталып, белгіленген;

4. Қазақстандағы, жат ағымдардың бүгінгі дағуат ұстанымдары мен тетіктеріндегі, теориялық негіздемелеріндегі саяси, идеологиялық және методологиялық қайшылықтар мен бұрмалаушылықтар, салыстырыла отырып, дәлелденген;

5. Қазақстандағы неофундаменталистік және исламшыл топтардың дағуатына қарсы қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірлесе шешім шығару платформасының, бүгінгі жаһандану үдерісінде ең тиімді жол екендігі көрсетілген;

6. Деструктивті діни топтардың дағуаттарының алдын алуда, діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік қағидаттарды дәстүрлі діни сана мен діни таным шеңберінде, тарихилық ұстанымын қолданудың өзектілігі анықталған.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде мұсылмандардың қасиетті кітабы - Құран кәріммен қатар, пайғамбардың өсиеттері мен іс-әрекеттерін хабарлайтын хадистер жинағын, сондай-ақ жалпы дінге, оның ішінде дағуат ісіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді орынды қолдана білген.

Олардың *шынайылығы мен дәйектелуін* былайша тарқатып айтуға болады:

Ислам өркениетінің дамуына Орта Азия және ежелгі қазақ жері ғалымдары мен ойшылдарының қосқан үлесі мол. Бұл тұрғыда ортағасырлық мауаранаһрлық ғалымдар мен олардың іргелі еңбектері әлі күнге дейін қазақ қоғамына жетерліктей таныс емес. Осы мақсатта толықтай зерттелмей келе жатқан ортағасырлық ханафи, матуриди ғалымдарын ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі туындайды.

7. *1-ші ғылыми нәтиже.* Ислам дағуаты құбылысының тегі, қызметі, анықтамасы, ұстанымы мен идеясын негіздейтін аяттар мен хадистерге

кешенді ғылыми теориялық талдау жасалынып, Құрандағы «дағуат» ұғымына жақын басқа да терминдерге салыстырмалы әрі мазмұндық тұрғыдан тұжырымдар жасалған.

8. *2-ші ғылыми нәтиже.* Тарихи үдерістегі «Ислами «дағуат» түсінігі мен дамуын, тарихи деректер негізінде талдап, оларға өз кезегінде Құран мен сүннеттегі дағуаттың маңыздылығы мен орны тұрғысынан компаративистикалық талдау жасалған;

9. *3-ші ғылыми нәтиже.* Барлық ислами дағуат ұстанымдары пайғамбарлық үлгі негізінде, пайғамбар тұлғасымен тікелей байланысты тұжырымдалып, Құранмен бекітіліп, ғылыми танымдық деңгейде түсіндіріліп, нақты талаптар мен ережелер анықталып, белгіленген;

10. *4-ші ғылыми нәтиже.* Қазақстандағы, жат ағымдардың бүгінгі дағуат ұстанымдары мен тетіктеріндегі, теориялық негіздемелеріндегі саяси, идеологиялық және методологиялық қайшылықтар мен бұрмалаушылықтар, салыстырыла отырып, дәлелденген.

11. *5-ші ғылыми нәтиже.* Қазақстандағы неофундаменталистік және исламшыл топтардың дағуатына қарсы қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірлесе шешім шығару платформасының, бүгінгі жаһандану үдерісінде ең тиімді жол екендігі дәлелденген.

12. *6-ші ғылыми нәтиже.* Деструктивті діни топтардың дағуаттарының алдын алуда, діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік қағидаттарды дәстүрлі діни сана мен діни таным шеңберінде, тарихилық ұстанымын қолданудың өзектілігі дәлелденген.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

13. *1-ші ғылыми нәтиже – жаңа.* Ислам дағуаты құбылысының тегі, қызметі, анықтамасы, ұстанымы мен идеясын негіздейтін аяттар мен хадистерге кешенді ғылыми теориялық талдау жасалынып, Құрандағы «дағуат» ұғымына жақын басқа да терминдер тұжырымдалған;

14. *2-ші ғылыми нәтиже – жаңа.* Тарихи үдерістегі «Ислами «дағуат» түсінігі мен дамуын, тарихи деректер негізінде талдап, олар Құран мен сүннеттегі дағуаттың маңызы мен рөлі тұрғысынан компаративистикалық талдау жасалған;

15. *3-ші ғылыми нәтиже – жаңа.* Барлық ислами дағуат ұстанымдары пайғамбарлық үлгі негізінде, пайғамбар тұлғасымен тікелей байланысты тұжырымдалып, Құранмен бекітіліп, ғылыми танымдық деңгейде түсіндіріліп, нақты талаптар мен ережелер анықталып, белгіленген;

16. *4-шы ғылыми нәтиже – жаңа.* Қазақстандағы, жат ағымдардың бүгінгі дағуат ұстанымдары мен тетіктеріндегі, теориялық негіздемелеріндегі саяси, идеологиялық және методологиялық қайшылықтар мен бұрмалаушылықтар, салыстырыла отырып, дәлелденген;

17. 5-ші ғылыми нәтиже – жаңа. Қазақстандағы неофундаменталистік және исламшыл топтардың дағуатына қарсы қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірлесе шешім шығару платформасының, бүгінгі жаһандану үдерісінде ең тиімді жол екендігі дәлелденген;

18. 6-шы ғылыми нәтиже жаңа. Деструктивті діни топтардың дағуаттарының алдын алуда, діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік қағидаттарды дәстүрлі діни сана мен діни таным шеңберінде, тарихилық ұстанымын қолданудың өзектілігі дәлелденген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Зерттеу жұмысының мазмұны қаншалықты күрделі болғанымен, тақырыптың мәнін біршама ашады, тараулар мен параграфтардың логикалық байланысы мен өзара сабақтастығы сақталған. Бірақ тақырыптың мазмұны мен идеясынан ауытқып кеткен тарауларда тарихшылдық пен текстологиялық ұстанымдар кездеседі. Дегенмен диссертацияның өзіндік терминологиясы бар, ұғымдық-категориалдық аппараты толық, мақсаты мен міндеттері орындалған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.

Ғылыми ізденістің тұжырымдары исламтану саласын кешенді зерттеудегі бос кеңістікті толықтырады, сонымен қатар, қоғамда дін насихатын жүргізудің дұрыс үлгісін анықтауға, Қазақстан Республикасы үшін дәстүрлі болып табылатын исламды дамытуға үлесін қоспақ. Сондай-ақ, диссертация жұмысының тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерін исламтану мамандықтары бойынша білім алатын орта-кәсіби колледждерде және жоғары білім беретін оқу орындарында, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасайтын ғылыми институттар мен орталықтарда материал немесе қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыс Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Исламтану кафедрасында орындалды. Диссертацияның мазмұны мен негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалып, арнайы жинақтарда басылды. Шетелдік Scopus мәліметтер базасында 1 мақала және Қазақстан Республикасының уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда 3 мақала, халықаралық конференцияларда шетелдік 1, отандық 2 жарияланым жарық көрген.

#### **8. Авторефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Алға қойған мақсат пен міндеттерге байланысты зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, екі тараудан, алты бөлімшеден, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 130 бет.

**9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Сыннан өтіп отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, оның мазмұнында кейбір олқылықтардың кездесетінін ескертеміз:

- 1) Жұмыстағы дағуат терминдері мен ұғымдарын бірізділікке салу қажет;
- 2) Жұмыстағы кейбір орфографиялық және пунктуациялық қателіктерді түзету қажет;
- 3) Диссертациядағы дағуат терминдерін араб әріптерімен емес, қазақша әріптермен жазса, жеткілікті саналады;
- 4) Әр бөлім соңындағы тұжырымдарды әлі де толықтыру қажет;
- 5) 1.2 бөлімшедегі сүннеттегі дағуат үлгілерінің тәсілдері мәтіннен ажырап тұру үшін сандармен немесе әріптермен тізбектеу керек.

**10. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Тұтастай алғанда, «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» деп аталатын бұл диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналған, тиісті нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары бар толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Ол ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді, ал жұмыстың авторы Н.Т. Утпиновтың 8D02201-Исламтану философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми сын-пікір беруші:**

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану бөлімінің аға ғылыми қызметкері, PhD

А.Д.Шағырбай  
Қолын растаймын  
подпись заверяю  
кадр бөлімі  
отдел кадров

А.Д.Шағырбай

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің  
"Философия, саясаттану және дінтану институты"  
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.  
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
предприятие "Институт философии, социологии  
и религиоведения" Комитета науки Министерства  
образования и науки Республики Казахстан